

егемен

Казакстан

Жарқын жеңістің сыры неде?

Жазайын деп жазбайсың кейде. Тіпті жазайын дегенде де ертеңге не бүрсігүнге ойластырғаныңды сол күні, аяқ астынан қолға алуға тура келетіні де бар. Әсіресе, жексенбінің күнінде де, түнінде де жұмыс істеп, газетке таңғы төрттен аса қол қойып, таң атысымен Қазақстан халқы Ассамблеясынан Мәжіліске депутаттар сайлауға шапқылап, онда үш-төрт сағат жүріп қалып, редакцияға түс әлетінде жаңа жеткенінде қолыңа қалам алмасыңа қоймайтындай, айтпаса сөз атасы өлетіндей жағдай туса қанша жерден сабырлы болсаң да бір сәт шамырқанатының рас.

Журналистикадағы жаргондардың бірі – «шпигель». Германияның таралымы бір жарым миллиондық атақты саяси журналының атынан шыққан, сол басылымның оқырман ойында қалсын деген сөзді ортаға ойып көрсететін әдетінен алынған әдіс бұл. Газет атауының не оң жағынан, не сол жағынан, үлкендеу қаріптермен терілетін қысқа ғана мәтін. Біз кешегі нөмірдің «шпигеліне»: «Еліміз тағы бір елеулі сынақтан сүрінбей өтті. Халқымыз тұрақтылықты, тұтастықты, татулықты таңдайтынын танытты. Елдіктің ерен жеңісі құтты болсын, ардақты ағайын!» деп жазған едік. Мемлекет ретіндегі, халық ретіндегі, ұлт ретіндегі сипатымызға тағы бір сын болған сайлаудың артық айқай-ұйқайсыз, бірқалыпты, тыныш өткеніне, әлемнің түкпір-түкпірінен келген байқаушылардың негізінен байыпты баға бергеніне, қыстың көзі қыраудағы, кезектен тыс сайлауға тізімдегілердің шамамен 75 пайызы келгеніне шүкіршілік еткен едік. Соның өзі интернет бетіне кеше құлқын сәріден самсап шыға келген пікірлердің кейбірінде билікке бүйрек бұрғыш басылымның басшылыққа иіліп-бүгілуіндей бағаланып жатқан көрінеді.

Алдымен мына жайдың басын ашып алайық. Кеше түс кезінде Орталық сайлау комиссиясының төрағасы жария еткен сайлау қорытындылары түпкілікті емес. Төрағаның өзі соңғы, дәл мәліметтер жер-жерден сайлау хаттамаларының өзі толық жеткеннен кейін ғана хабарланатынын айтты. Алайда, мына жайларға еш күмән жоқ. Оның бірі, ең бастысы – 2012 жылғы 15 қаңтарда Мәжіліс және мәслихаттар сайлауында «Нұр Отан» халықтық-демократиялық партиясының айқын басымдықпен жеңіске жеткендігі. Тағы бірі – осы сайлау қорытындысында Мәжіліске кемінде екі партия өткендігі, ендігі жерде бір партиядан тұратын Парламенттің келмеске кеткендігі. Кеше өткен жеңімпаздар форумында бұл жайында Президент: «Біз демократиялық жүйеге түскен ел болғаннан кейін сайлаудың неше түрін өткізіп келе жатырмыз. Бірақ, бұл сайлаудың жөні өзгеше. Біз 2007 жылы Конституциямызға өзгеріс енгізіп, Парламентіміз көп партиялы болады деп айтқанбыз. Енді, мінеки, сол көп партиялы Парламентке біз жеттік», деді. Тағы бірі – халықтың саяси тұрғыдан бұрынғыдан да кемелдене түскендігі, ненің не екенін, кімнің кім екенін бұрынғыдан да анық айыра алатындығы, желпілдеткен, желкілдеткен жел сөзге ермейтіндігі, құрғақ уәдеге алданып, бостан-босқа дауысын бермейтіндігі, өтірікке сенбейтіндігі. Мысалы, сайлау алдындағы телесайысқа шыққан бір партия жетекшісінің елдегі жұмыссыз-

дық деңгейі 40 пайызды құрайды дегеніне күлесіз бе, жылайсыз ба? Сонда жұмысқа жарамды жастағы әр жүз адамның қырқы, әр мың адамның төрт жүзі, әр он мың адамның төрт мыңы жұмыссыз жүрген болып шыға ма? Ел бойынша бұл цифр қаншаға бармақшы? Бірнеше миллионға!.. Сонда әлгі «жұмыссыз жүрген миллиондардың» отбасын кім асырап отыр? Сонда жиырма жылда елімізде атқарылған қыруар шаруаны кім істеген?

Түсініктеме жасап жату қажетсіз.

«Нұр Отанның» алдыңғы күнгі сайлаудағы табысына таңдану қисынсыз. Нағыз қисынсыздық – қазіргі кезеңде Қазақстанның саяси ландшафтында «Нұр Отанды» билік басынан ығыстырып шығара алатын, оны екінші орынға түсіре алатын басқа күш пайда болды, ол күш қоғамның барлық буындарының бойын билеп, санасын игеріп алды деп ойлайтын балаңдық. Сайлау мен сайлаудың арасында билікті жамандаумен ғана жүретін, электоратты ең соңғы екі айда ғана есіне алатын партиялардың тамырын басып, табиғатын танып үлгерді халқымыз. Біз бұл мақалада олардың жұмысына баға беріп, жығылғандарды жұдырықтап жатқымыз жоқ. Қайта олардың осы жүргенінің өзі айналып келгенде елдегі демократияны дамыта түсуге қызмет ететінін айтқымыз бар.

Саясат сайысына шыққан партиялардың билікке тағып баққан бір айыбы – сайлаудың кезектен тыс өткізілгендігі, оған аяқ астынан дайындалып үлгере алмай қалғандығы. Саяси партия саяси тартысқа әрдайым әзір тұруға тиіс екенін айтпай-ақ қояйық та, бұл сайлаудың неге кезектен тыс өткізілгеніне тағы бір тоқтай кетейік.

Мәжіліс депутаттары палатаны мынандай себептерге байланысты тарату қажет деп тапты.

Біріншіден, «Әлемде қаржы-экономикалық дағдарыстың жаңа толқыны күтілуде. Қазақстан оған дайын тұруы керек» деп. Екіншіден, «Әлемді тұрақсыздық жайлап барады. Қазақстанда ұстанған бағыттың дұрыстығының арқасында ғана экономикалық тұрақты даму қарқыны сақталып, әлеуметтік жаңғыру жүзеге асуда. Сайлау циклдарын жедел өткізу осы үрдісті сақтауға мүмкіндік береді» деп. Үшіншіден, «Қазақстан келесі жылы өз дамуының жаңа белесіне аяқ басады. Оны жаңартылған Үкіметпен және жаңа Парламентпен бастаудың символдық мәні бар» деп. Төртіншіден, «Келесі Мәжіліс кемінде екі саяси партиядан жасақталуы керек. Бұл Қазақстанның көппартиялық және саяси плюрализм идеяларына адалдығын көрсетеді» деп. Бесіншіден, «Мәжіліс пен мәслихаттар сайлауын қатар өткізу бюджет шығынын едәуір үнемдеуге мүмкіндік береді» деп. Алтыншыдан, «Қазақстанда индустриялық-инновациялық даму бағдарламасы жүзеге асырылуда. Оны заңнамалық тұрғыдан қамтамасыз ету міндетін жаңа депутаттық корпус орындауға тиіс» деп. Осының бәрі де көкейге қонымды емес пе? Дағдарыстың тағы бір толқыны тақау тұрғандай дегенді бүкіл әлем айтып жатыр. Осындай жағдайда ерте жарықта жаңа Парламентімізді, әлемдік үлгі-қалыптарға сай көп партиялы Парламентімізді жасақтап алғанымызға біз алда әлі талай шүкіршілік дейтін де сияқтымыз.

Бұрын да бір айтқанбыз, тағы айтайық: бізде «сайлау» сөзі баяғы кеңестік кезеңнен қалған нұсқада қолданылып, солай қабылданып жүр әлі де. Сайлау десе құрметті адамдарды бір жерге сайлап, жоғарылатып жіберуді ойлап тұратындаймыз. «Elections» деген ағылшыншасын көлденең тартып, ол сөздің «таңдау, іріктеу» мағынасын беретінін тәптіштеп жатпай-ақ, өзіміз әншейінде ауыздан түсірмейтін орысшасын алайықшы. «Выборы» деп апанық түр ғой. «Таңдау» ғой. «Избрание» емес қой. Бұдан енді сайлауды «таңдау» деп алайық дегелі тұрғанымыз жоқ, «сайлау» сөзі саяси лексиконымызға берік еніп, санамызға орнығып үлгерді. Бірақ, біз сайлаудың қазіргі таңдағы негізгі мәні таңдау жасау екенін ұмытпауға тиіспіз.

Сонымен, халықтың таңдауы неге «Нұр Отанға» түсті? Ол қандай партия? «Нұр Отан» – халықтық-демократиялық партия. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті, Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың стратегиялық бағытын қолдаушылардың басын қосатын партия.

«Нұр Отан» – Президент партиясы. Президентті жақтаушыларға арқа сүйейтін партия. Барлық ұлттың өкілдерін, барлық ұрпақтардың өкілдерін, барлық діндер өкілдерін, барлық кәсіби топтар мен барлық әлеуметтік жіктердің өкілдерін ортақ Отанның өркендеуі жолындағы ұлы мұратқа біріктіретін партия.

Қазір «Нұр Отанның» қатарында 830 мыңнан астам қазақстандық бар. Бұл – ұлы күш.

«Нұр Отан» халықтық демократия қағидаттарының негізінде қызмет ететін партия. Бұл қағидаттарға Қазақстан халқының дәстүрлі рухани құндылықтары, жеке тұлғаның еркіндігі, әлеуметтік әділеттілік, қазақстандық мемлекеттілік идеялары арқау етіп алынған.

«Нұр Отан» – Қазақстан Республикасы Президентінің бүкіл ел халқының мүддесі үшін атқарып жатқан реформаларын жүзеге асырудағы басты тірегі. Елбасы саясаты ең алдымен «Нұр Отан» арқылы жүзеге асырылады.

Біз неге «Нұр Отанды» халық партиясы, халықтық партия дейміз?

Өйткені, «Нұр Отан» халық мүддесін көздейтін партия.

«Нұр Отан» – нақты істер партиясы. «Нұр Отан» – уәдеге берік партия.

Өйткені, партия басшысы Нұрсұлтан Назарбаев – уәдеге берік басшы.

Бұл неден көрінеді?

Президент Нұрсұлтан Назарбаев партияның XIV съезінің мінберінен: «Нұр Отан» партиясы 2007 жылғы сайлауға барған Халықтық тұғырнама мерзімінен бұрын орындалды», деп мәлімдеді.

Орындалды. Мерзімінен бұрын.

Сайлаушылар сөзінде тұрған партияға сенді, айтқанын орындаған партияға жаңадан аманат арқалатты.

Соншалық ауқымды тұғырнаманың мерзімінен бұрын орындалуы – ерен табыс. Олай болатыны – бұл табысқа әлемдік қаржы-экономикалық дағдарысы жағдайында қол жеткізілді. Мұны басын аша айту керек.

Ешқандай эмоциясыз, тек фактілермен сөйлесек, былай:

Бес жылға да толмайтын уақыт ішінде Қазақстан экономикасының көлемі 2 есе ұлғайды.

Тек өткен жылдың өзінде ғана елде инновациялық үлгідегі 350 жаңа кәсіпорын салынды.

Өткен жылы аграрлық салада шын мәнінде ғажайып рекорд жасалды – таза салмақпен 27 миллион тоннадан астам астық жиналды. Қазақстан төртінші жыл қатарынан әлемде ұн экспорты жөнінен бірінші орынды ұстап келеді. Қазақстан шетел инвестициясын әлемде ең көп тартқан көшбасшы 20 ел қатарына енді.

Бізде құрылыс саласы үшін күрделі кезеңнің өзінде 19 миллион шаршы метр жаңа тұрғын үй салынды.

Жарты миллионнан астам қазақстандық өздерінің тұрғын үй жағдайын жақсартты.

Жұмыссыздық деңгейі 7-ден 5,4 пайызға дейін төмендеді.

Біздің еліміз халық әл-ауқатының жаһандық рейтингінде әлемдегі алғашқы 50 мемлекеттің қатарына енді.

«Факты – упрямая вещь», дейді орыс мақалы. Қалай айтқанда да ауыз толтырарлық, бұлтартпас жайлар емес пе? Әрине, дәл солай. Бұларды көрмеу – көрмес түйені де көрместің кебін кию.

Осының бәрі «Нұр Отанның» басшылығымен атқарылған істер.

Тағы да нақты фактілер келтірейік.

Ішкі жалпы өнімнің жан басына шаққандағы көлемі өткен жылы 10 мың доллардан астамды құрады, ал 2015 жылға қарай 15 мың долларға жетеді. Бүгінде осы көрсеткіш бойынша біз Украинадан 2 еседен астамға асып түсіппіз. Айналадағы көршілерді айтып жатпай-ақ қояйық. Олардың шамасын өзіңіз де біліп отырсыз. Оны айтасыз, біз бұл көрсеткіш бойынша Шығыс Еуропаның бірқатар елдерінің алдында тұрмыз. Еліміздің табыстарына етіміздің үйренгені сондай, Украинадан асып түстік, екі еседен астамға астық деген сияқты сөздерді де оп-оңай айта салатын болып барамыз. Ал Украина қандай ел? Ол сонау 1946 жылдан бері Біріккен Ұлттар Ұйымына мүше болып келе жатқан ел. Ол елу миллионнан астам халқы, қуатты өнеркәсібі, мықты ауыл шаруашылығы бар ел. Ол – ғылымы мен техникасы дамыған, Патонның балқыту тәсілімен Днепр үстінен тұтас көпір салған, Антоновтың атақты «Руслан» ұшағын шығарған ел.

Жақсылықтар жайын жалғастырайық. Тағы да тек фактілер.

Соңғы төрт жарым жылда ел тұрғындарының ақшалай табыстары, бюджет саласындағылардың еңбекақылары, студенттердің стипендиялары 2 есе өсті. Зейнетақы төлемдері мен бір жасқа толмаған сәбиді күтіп-баққаны үшін жәрдемақылар 2,6 есе өсті.

Білім беруге, ғылым мен денсаулық сақтауға жұмсалатын шығындар 2 есе ұлғайды.

Бүкіл еліміз бойынша шамамен 4 мың жаңа балалар бақшасы ашылды, 350 мектеп, 50 шақты колледж салынды.

Айтқандай, осыған байланысты мына бір жай ойға оралып отыр. Шамамен бір айдай бұрын мені «Қазақстан» телеарнасының «Өзекжарды» бағдарламасына шақырған еді. Хабар тақырыбы – мемлекеттік тілдің мәселелері. Жүргізушімен сөйлесіп отырып: «Өткен жылы Астанада 37

балабақша салынды. Соның қаншасы қазақ тілінде ашылды деп ойлайсыз?» дедім. Журналист: «Шамамен отызы шығар», деді. Ой қисыны дұрыс. Тілге бет бұрылып жатыр, қазақша балабақшалар көбейіп жатыр, басым бөлігі қазақша ашылады ғой, әрине, дегені. Ал дұрысында сол 37 балабақшаның бәрі – 37-сі! – қазақша ашылған! Бұдан артық нені талап етуге болады? Партия съезіндегі баяндамасында Елбасымыз Қазақстанның экономикасы ең жедел өсіп отырған үштікке қосылғанын айрықша атап айтты. Бұл көрсеткіш бойынша біздің алдымызға тек екі ел – Катар мен Қытай ғана түсіп отыр екен. Бүкіл әлемде! Ғажап емес пе? Әрине, ғажап.

Біз бұл айтылғандардың қадіріне жетуге тиіспіз. Тәуелсіздіктің 20 жылдығының баяндамасында Нұрсұлтан Назарбаев: «Бақ бағалағанның басында тұрады. Қастерлей білмесе, қасиеттің де құны қалмайды», деді. Есте ұстайтын сөз. Өкінішке орай, елімізде болып жатқан жақсылықтың бәрі өзінен-өзі келіп жатқандай көретіндер де көбейе түскендей. Елбасының жыл сайынғы Жолдауларына да Президент биыл қандай міндеттер қояды деп емес, Президент биыл не қосады деп қарайтындар да азая түсті деп айта алмайтындаймыз.

Джон Кеннедидің: «Біз Америка маған не береді демеуіміз керек, біз мен Америкаға не беремін деуіміз керек», деген сөзі жақсы мәлім. Біз де ең алдымен елімізге өзіміз не беретінімізді ойлауымыз керек. «Сен де бір кірпіш дүниеге, кетігін тап та бар, қалан», деген ғой Абай атамыз. Сол сөз қазіргі Қазақстанның жағдайына тіпті дәлме-дәл келеді. Біз Қазақстан атты жаңа, жас мемлекет құрып жатырмыз. Оның іргесін бекітіп, қабырғасын көтеріп жатырмыз. Жаңа ғимаратқа әлі көп кірпіш керек. Әрқайсымыз бір-бір кірпіш болып қалануымыз керек сол ғимаратқа. Сол ғимараттан өз орнымызды табуымыз керек. «Нұр Отан» партиясы біздің баршамызды осылай етуге шақырады. Ел болашағы үшін аянбауға шақырады. Партияның кезектен тыс XIV съезінде сөйлеген қорытынды сөзінде Елбасымыз алдымызда қиын міндеттер тұрғанын, ол міндеттерді шешудің сенімді бір жолы халықты қайрау, елдің азаматтарын еңбекқорлыққа үндеу екенін қадап айтты. «Ең алдымен, адамның өзінің еңбек етіп, өзінің және өз отбасының тұрмысын жақсартуға деген ниеті болуы қажет», деді Нұрсұлтан Әбішұлы. Иә, адамның еңбек етуге ниеті болмаса оған ешқандай қоғам да көмектесе алмайды. Жалқау жанға жақсылық жоламайды. Халқымыздың бойында жалқаулық, енжарлық, самарқаулық әлі де жеткілікті екенін ашық айту керек.

Даму жолы төселген тақтайдай тегіс бола қалады екен деудің ешқандай реті келмейді. «Нұр Отан» ешқашан алдағы міндеттерді оңайлатып та, жеңілдетіп те сөйлеген емес. «Нұр Отан» алға қойылған межелерге қалай қол жеткізудің жолын білетіндігімен бөлекше қадірлі партия. «Нұр Отан» популистер партиясы емес, реалистер партиясы. Сайлауда дауыс жинап қалу үшін уәдені үйіп-төгу де, берген уәденің үдесінен шықпау да оған атымен жат.

Ана бір жылғы Президент сайлауында кейбір партиялар өкілдері мұнайдан түскен табысты әр қазақстандыққа бөліп беру керек, өйткені ол әр қазақстандыққа тиесілі байлық деп біраз арзан ұпай жинауға ұмтылған болатын. Онан кейін мұнайға мыс пен хром қосып сөйлейтіндер де шықты.

Қазақстандықтар ол құрыққа өткен жолы да түспеген еді, бұл жолы да түскен жоқ. Өйткені, бар ақшаны халыққа балық таратқандай етіп үлестіріп шығу инфляцияны шарықтатып, бағаны қымбаттатқаннан басқа ештеңе де бермейді. Жалпы, баға мен инфляция – халық әл-ауқатының басты көрсеткіштерінің бірі. Бәрі де бағаға байланысты. Сондықтан да «Нұр Отан» партиясы тауарлардың қымбаттауы мен инфляция қазақстандықтардың табысын жұтып қоюына жол бермеуін ойластыруда. Бұл үшін инфляцияны жылына қатаң шектерде ұстап тұруға ықпал ететін, тұтыну өнімдерінің негізгі түрлеріне – азық-түлікке, жанар-жағармайға және тағы басқаларына баға белгілеудің ашықтығын қамтамасыз ететін, табиғи монополиялар қызметін бақылайтын және олардың тарифінің жөнсіз көтерілуіне жол бермейтін, ішкі нарықта бәсекелік ортаның дамуын ынталандыратын шараларды жүзеге асыру қажет. Сонымен бірге «Нұр Отан» партиясы жер қойнауын пайдаланудан түсетін кірістерді тиімді пайдалану, ол кірістер қазақстандық экономиканың бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ететін серпінді экономикалық жобаларды дамытуға және іске асыруға мүмкіндік беретіндей жағдай жасау жағын қатты құнттайтын болады.

Сонда билік партиясы биылғы сайлау алдында таяудағы бес жылға халыққа қандай уәделер берді?

Үлкен экономиканың мәселелерін қозғамай-ақ, әр адамның өміріне тікелей қатысы бар жайларды ғана айтайық.

Білім беру саласында ата-аналар балаларының оқуына қаржы жинау үшін ашатын оқыту депозиттері жүйесі енгізіледі.

3 мыңнан астам балабақшалар мен дамыту орталықтары ашылып, кемінде 400 жаңа мектеп салынады. Педагогтардың еңбекақылары 30 пайыздан 100 пайызға дейін өседі.

Денсаулық сақтау жүйесі жаңа амбулаториялармен, емханалармен, фельдшерлік пункттермен толығыады. 2017 жылға қарай ана мен бала өлімінің көрсеткіші бір жарым есе төмендетіледі.

Әділ әлеуметтік жүйе қалыптастырылады. «Жұмыспен қамту-2020» бағдарламасы жүзеге асырылады. Ауылдық жерде іспен айналысқысы келетіндерге 3 миллион теңгеге дейін шағын несиелер беріледі. 2018 жылы Қазақстан табыс деңгейі жоғары елдер тобына енеді.

Бес жылда 24 миллион шаршы метрден кем түспейтін тұрғын үй салынады.

Әділ жүргізілетін жастар саясаты жас қазақстандықтардың елді индустрияландыру бағдарламаларына белсенді атсалысуға мүмкіндік береді. Осылардың бәрі де орындалады.

Мұның бәрі – өлшенген, таразыланған, тетігі қарастырылған межелер.

Халық солай болатынына сенгендіктен де «Нұр Отанға» қуатты қолдау көрсетіп отыр.

Бұл партия болдық-толдық, пістік-жетілдік демейді. Қайта мемлекетімізде әлі де шешімін таппаған мәселелер баршылық екенін ашық айтады, оларды шешудің нақты жолдарын ұсынады. Сайлауалды тұғырнамасында жазылғандай, «Біз жаңа сынақтарға дайынбыз ба? Біздің ертеңгі күніміз не болады? Біздің іс-қимыл жоспарымыз қандай?» деп ой ауыртар, жан

киналтар сұрақтар қояды, өзін-өзі қамшылайды. Жас мемлекеттің, құрыла салысымен жаһанданудың жойқын топанына тап болған мемлекеттің проблемалары жеткілікті екенін біледі. Нұрсұлтан Назарбаев: «Мың құбылған алмағайып дүниенің не ұсынғалы тұрғанын болжау қиын. Біздің еліміз – жас, жеріміз – ұлан-ғайыр, халқымыздың саны болса – көп емес. Сондықтан, Елбасы ретінде елімнің болашағын ойлап алаңдаймын», деп ашық айтады, қиындықтарға қабырғасы қайысады, халқын келер күндердің күрделі сынақтарына қайрап салғысы келеді. Қазағым кешегі кеңбалақ күйінде жүре бермесе екен, барша жұрт бір базарға барын салып, бәсекелесіп жатқан мына жанталас заманда ұлтымның ұпайы кетпесе екен деп жанын жейді. Алдан шыққан ауыртпалықтарды еңсерудің үлгісін де өзі көрсетеді. Кешегі өткен Жаңаөзен оқиғасы кезінде де партия көшбасшысы сын сағатта талмау тұстан табылып, күрмеуі қиын күрделі мәселелердің түйінін өзіне тән алымдылықпен тарқата білді. Назарбаевтың ел мүддесін бәрінен жоғары қоятынын, ешкімге де талапты босаңсытпайтынын сол күндері бүкіл халық тағы да көрді. Бағалады. Кеше Пирамидада сөйлеген сөзінде Нұрсұлтан Әбішұлы: «Жаңаөзендегі оқиға халықты біріктірді, өзара қарым-қатынасымызды, еліміздегі тыныштық пен тұрақтылықты қастерлеу қажеттігі туралы тереңірек ойлауға бейімдеді», деп айтты.

Соңғы жылдарда «Нұр Отанның» қоғамда тәртіп орнатуды мықтап қолға алғаны, сыбайлас жемқорлыққа қарсы шын мәнінде бүкілхалықтық күрес майданын ашқаны, былыққа батқан басшылардың талайын құрыққа түсіріп, мемлекет қалтасына қолын салған тойымсыздарды түрменің темір торының арғы жағынан бір-ақ шығарғаны партияның беделін едәуір көтерді. «Нұр Отан» партияның басты саяси ресурсы – азаматтардың сенімі екенін ұдайы есте ұстайды. Бұл жайында Нұрсұлтан Әбішұлы партияның XIV съезінде: «Біздің ендігі борышымыз – барлық кезде де әділдік партиясы болып қалу. Өйткені, ол «Нұр Отан» партиясының ұзақ мерзімді саяси көшбасшылығының, қазақстандық сайлаушылар сенімдерінің жоғары деңгейін бүтіндей ондаған жылдар алға оза отырып, ұстап тұрудың басты кепілі және негізгі шарты», деп қадап айтты.

«Нұр Отанның» басты тірегі – халық. Көп ұлтты Қазақстан халқы. «Нұр Отан» халықтың достығын, елдің татулығын ту етіп көтеретін партия. Біздің басты байлығымыз – Қазақстан қоғамындағы ұлтаралық келісім, елдегі татулық, адамдардың бойындағы достық сезімі екенін қасиетті қағидат етіп ұстанатын «Нұр Отан» отандастарымыздың бойында патриоттық сезімді күшейтуге ерекше назар салады. Партия көшбасшысы Нұрсұлтан Назарбаев барша қазақстандықтардың қалтқысыз құрметіне, ыстық ілтипатына бөленген, бүкіл әлемге экономикасы қуатты, саясаты тұрақты елдің басшысы ретінде танылған тұлға.

Жексенбі күнгі сайлауда «Нұр Отанға» дауыс бергендердің бәрі бірдей партияның сайлауалды тұғырнамасымен егжей-тегжейлі танысқандай, өз таңдауын сөйтіп барып жасағандай көріп, балаңдыққа салынудың қажеті жоқ. Талайлар үшін ондай қажеттілік те болған жоқ. Миллиондаған адамдар «Нұр Отанға» Президент бастаған партия ретінде, Президентіне ергендіктен

де, ел бастаған ер адастырмайды деп сеніп, екі тізгін, бір шылбырды бергендіктен де қолдау көрсетеді. 2007 жылы «Нұр Отан» партиясының Мәжіліс депутаттығына кандидаттар тізіміне қосылып, бір ай бойы елдің үш облысында көптеген кездесулер өткізгенімізде бұған көзіміз талай рет жеткен.

«Нұр Отан» халық сенімінің үдесінен шығады. «Нұр Отан» халқымыздың даналығына, Елім деген Ердің төңірегіне топтаса білетін татулығына арқа сүйейді.

Солай болғандықтан да «Нұр Отан» жексенбі күні айқын басымдықпен жарқын жеңіске жетті.

Заңды. Орынды. Қисынды.

Сауытбек Абдрахманов.